

СЫР АҚЫНДАРЫНЫҢ ӨМІР МЕН ӨЛІМ ТУРАЛЫ ОЙ-ТОЛҒАМДАРЫ

¹Б. Қожамберлиев, ²Б.М.Апенев

АҢДАТПА

Мақалада Сыр сүлейлерінің адам болмысы, өмір мен өлімнің диалектикалық және үйлесімді ара-қатынасы жайындағы дүниетанымдық және философиялық ой-толғамдарына отандық және әлемдік ойларын салыстыру арқылы талдау жасалынады. Сонымен бірге қазіргі заман тұрғысынан өмір мен өлім мәселесінің өзектілігі қарастырылған. Әсіресе, адам болмысы, адамның шынайы мәні туралы ақындардың философиялық ой-толғамдарының терең мағынасы ашылады. Өмір мен өлім мәселесі адамзат тарихында ой-толғамдардың басты тақырыбы болды. Бұл мәселелер XIX және XX ғасырлардағы Батыс философиясында да ең өзекті мәселе ретінде қарастырылғанын атап өту қажет. Батыс ойшылдарынан ерекшелігі Сыр ақындары өмір мен өлім арасындағы байланысты диалектикалық қарама-қарсылық ретінде емес, бір-бірін ұғымдық және мәндік мағынада толықтыратын құбылыстар ретінде түсінеді. Сыр ақындарының ой-толғамдарына талдау жасала отырып, қазіргі қазақ қоғамы үшін оның өзектілігі мен маңыздылығы аталап өтіледі.

Түйін сөздер: адамгершілік, адами болмыс, өмір, өлім, мақсат, адам.

^{1,2} Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Б.М.Апенев,
apenov1977@mail.ru

Мақаланың сілтемесі:
Қожамберлиев Б.,
Апенев Б.М. Сыр ақындарының өмір мен өлім туралы ой-толғамдары // Адам әлемі. – 2023. – № 1 (95). – Б. 43-50.

Размышления о смыслах жизни и смерти акынов Сыра

Аннотация. В статье дается анализ о философских и мировоззренческих воззрениях поэтов Сыра в аспекте человеческого бытия, диалектических и гармонических соотношениях жизни и смерти в ракурсе сравнения с отечественной и мировой философии. Также рассмотрены вопросы актуальности проблемы смысла жизни и смерти с точки зрения современности. Особенно раскрывается глубина философских размышлений акынов о человеческом бытии, о подлинной сущности человека. Проблема жизни и смерти в истории человечества была основной темой размышления. Необходимо отметить, что эта проблема в западной философии рассмотрена как самая актуальная тема XIX и XX века. В отличие от западной философии, акыны Сыра рассматривают связь между жизнью и смертью не как диалектическую противоположность, а как дополняющую друг друга в понятийном и сущностном смысле. Дается философский анализ размышлений акынов Сыра, их актуальность и значимость для современного казахстанского общества.

Ключевые слова: человечность, человеческое бытие, жизнь, смерть, цель, человек.

Reflections on the Meanings of Life and Death of the Akyns of the Kyzylorda Region

Abstract. The article analyzes the philosophical and ideological views of the poets of Syr about human existence, dialectical and harmonious relations of life and death in comparison with domestic and world philosophical thoughts. The relevance of the life and death problem is considered from the modernity point of view. The depth of poets' philosophical reflections on human existence, on the true essence of man, is especially revealed. The problem of life and death

in the history of mankind was the main topic of reflection. Especially, these problems in Western philosophy are considered as the most relevant topic in the nineteenth and twentieth centuries. Unlike Western philosophy, the Syr poets consider the connection between life and death not as a dialectical opposite, but as complementary to each other in a conceptual and essential sense. In this article, there is given the philosophical analysis of the reflections of the Syr poets, their relevance and significance for modern Kazakhstani society.

Key words: Humanity, Human Being, Life, Death, Purpose, Human.

Kіpіcne

Әлемдік ойлар тарихында өмір, оның мәні, өлім мен оның құпиясын ашу мәселелері әрдайым өзекті болды. Иррационализмнің негізін салушылардың бірі Артур Шопенгауэр өмірді азап шегу мен қиындықтар дүниесі, ал өлім осы азап шегулерден арылу жолы ретінде тұжырымдайды. Ал ХХ ғасырдағы неміс ойшылы Мартин Хайдеггер өмірді өлім алдындағы дайындық ретінде сипаттайды. Философиялық ой-толғанымда өмір сүру және тіршілік ету ұғымдары бар. Қарапайым күнделікті мағынада бұл екі ұғымның мағынасы бір болып көрінеді. Бірақ философиялық көзқарас тұрғысынан өмір сүру мен тіршілік ету ұғымдарының мағынасы екі түрлі. Тіршілік ету бұл барлық тіршілік иелері, жан-жануарларға да тән құбылыс, бұл дүниеге келу мен кету аралығындағы уақыт, мерзім. Ал өмір сүру ұғымының мағынасы тіршілікке қарағанда кең. Өмір тек адамға ғана тән құбылыс. Өмір дегеніміз - адамдық болмысты нақтылау, өзінің адам екенін дәлелдеу. Әр адамның өмірі – оның болмысының, қасиетінің жарыққа шығу, көріну тәсілі. Өмір арқылы ғана адам өзінің адамдық болмысын дәлелдей алады. Әр адамның өз өмірі бар, бұл тұрғыдан алғанда әрбір адам – өз алдына жекелік. Сондықтан адамның бұл өмірде биік белестерге жетуі немесе төмен құлдырауы, ең алдымен, адамның өзіне, өз қабілетіне, өзінің өмірлік құндылықтары мен дағдысына байланысты, басқаша айтқанда, адам – өз тағдырын жасаушы, адамның жақсылықта да, жамандықта да болуы өз қолында.

Өлім алдындағы қорқыныш адам бойында туа біткен қасиет. Өлім дегеніміз

– болашақтың өзі, болашаққа талпыныс - бұл өлімге тіке қарау, ол арқылы адам өмірі өз мәніне ие болады. Өлім алдындағы қорқынышты, уайымды жеңу арқылы ғана адам өз болмысын таниды, өзіндік санасын қалыптастырады. Қашанда өлім табиғаты адам үшін ашылмас жұмбақ болып келген. Оның құпиясының ашылмауы адамдарда түрлі өлім алдындағы қорқыныш пен үрейді де тудырады. Дегенмен адамзат әрдайым өлім болмысын түсінуге тырысты, көптеген ойшылдар ол туралы сан толғанып, ал кейбіреулер оның жұмбағының жауабын діни ілімдерден іздеді. Адам өмірден кеткенде өзімен бірге болатыны тек оның рухы ғана. Ежелгі қытайдың ұлы ойшылы Конфуцийдің «адамның жаны мен рухынан басқа жеке меншігі жоқ» деген қанатты сөзі бар. Яғни, адамның тәні де өз меншігі емес, осы дүниенің меншігі.

Қазақтың ұлы ойшылы Абайды толғандырған адамболмысы екені анық. Ұлы ақын адам табиғатын оның өмірі мен өлім мәселелерін талдай отырып, «Мен», «Менікі», «Табиғат» ұғымдары арқылы адамның шынайы болмысынашуға талпынады. Адам тәнін, физикалық денесін «Менікі», «Табиғат», ал адамның өз болмысы, жаны мен санасын «Мен» дей отырып, өлім тек тәнге ғана қатысты екендігі және адам жаны өмірінің мәңгідігі жайында ой білдіреді [1]. Қазақтың классикалық философиясының негізін салушы саналатын Шәкәрім өзінің мораль философиясында ұждан ұғымымен бірге ынсап ұғымына басымдық береді. Ынсап бұл адамның нәпсісінің тоқтамы, реттеушісі [2]. Өлім алдында адам амалсыз, өмір - бұл өлімге барып тірелетін қысқа жол, өмірсіз өлім жоқ, өлімсіз өмір жоқ, адам өмірі шексіз емес,

бірақ өлім адам өміріне мән береді, оның мағынасын, құндылығын, маңызын ашады, өлім арқылы ғана адам өз өмірінің мәнділігін түсінеді, адамдардың тек кәрілік шаққа келгенде ғана өмірдің мәні туралы, өзінің өткен өмірі туралы ойлана бастауы кездейсоқтық деуге келмейді. XX ғасырдағы экзистенциализм өкілдерінің өмірдің мәнін түсіну үшін бекерден өлім категориясын алмағаны түсінікті. Олардың пікірінше, адам тек өлім алдында, оның алдындағы қорқыныш та ғана өмірдің мәні туралы, өзінің шынайы болмысы туралы ойлана бастайды.

Әдіснама

Бұл мақаланың әдіснамалық негізінде Сыр ақындарының ой-толғамдарын аналитикалық, тарихилық, герменевтикалық және компаративистикалық әдістер және интерпретациялық, текстологиялық талдау тұрғысынан зерттеу құрайды. Сондай-ақ, Сыр сүлейлерінің өмір мен өлім жайындағы ой-толғамдары әлемдік және отандық ойшылдардың ілімдерімен сабақтастыра отырып талданады.

Негізгі бөлім

Сыр сүлейлері шығармаларында адамның өмірі, өмірлік мұраты мен өлім туралы толғамдар орталық мәселе ретінде орын алады. Бұл тұрғыда ілімі «Мағынасыздық» философиясы» аталған XX ғасырдағы француз ойшылы А. Камюдің өмірдегі мақсат пен мұраттың, ұмтылыс пен қызықшылықтың өлім алдында өз мағынасын жоғалтатындығы туралы ойымен Тұрмағанбет ақын толғамының үндесетіндігін байқауға болады. Француз ойшылының «философиядағы ең басты мәселесі – өмір сүрудің қажеті бар ма деген сұрақ, өйткені өмірдің мәні көп жағдайда күмән келтіріп, мағынасыз көрінеді» - деген Тұрмағанбеттің ойлары:

*Өнерден өнеді не өлім барда,
Үй түзеу ұнамайды көрің барда.
Қаңғуың, қойың бақпай-қолайсыз іс,
Аңдыған жан-жағыңнан бөрің барда.
Қысқы өмір қанша айтқанмен
ұзамайды,*

Түскенмен тоқсан түрлі формаларға – деген өлең жолдарымен де үндестігін байқауға болады [3, 25 б.]. Дегенмен, ақын өлімді өмірлік ұстанымды, адамдардың өмірге деген көзқарасын реттеуші идеал ретінде түсінеді. Бұл жерде «дұрыс өлім дұрыс өмір сүруді білдіреді» дейтін Сократ қағидасындағы өмір мен өлім диалектикасының да көрініс беріп отырғаны айқын.

Жоғарыда атап өткендей, ақын ой-толғамдарында өлім адам өмірінің негізгі құндылықтарын айқындаушы фактор ретінде сипатталады. «Өлім» категориясы «пессимизм философиясы» атанған А. Шопенгауэр шығармаларында басты орын алады. Батыс ойшылы өлімді осы өмірдің мәнін ашатын негізгі категория ретінде сипаттайды. XX ғасырдағы батыс ойшылы Ф. Ницшенің негізгі қағидасы «құлап бара жатқанды итер» деген сөз болды. Мұндағы оның ойының негізі адамның бойындағы өмір сүруге деген табиғи ұмтылысты ояту арқылы адамдардың өз өмірін өзі құруына, жоғары белестерге өзі күшімен жетуіне мүмкіндік беру, сондықтан адам өмірінің қиындықта болуын, қауіпті өмір сүруді дәріптеді [4].

Өмір мен өлім философиясында адам өз өмірінің шектеулі екендігін түсінетін, өлімнің заңды құбылыс екендігін білетін бірден-бір тіршілік иесі, бұл адамдарда өлім алдындағы қорқынышты, түрлі депрессияларды тудырады дейтін теориялар бар. Ақын бұл тұрғыда адам өмірінің шектеулігі мен ұзақтығы бір Алланың қолында, сондықтан өмірің бітпей алдын-ала уайымдамай, өмірлік тіршілігіңді жаса, адамдық қалыбыңнан айрылма деген нақыл айтады.

Ақын пікірінше, өмірдің бейнеті мен зейнеті, қайғысы мен қуанышы аралас, сондықтан уақытша қиындыққа

қиналмай, ол қиыншылықтың да өтіп, артынан жақсылығы келетінін ұмытпау қажет. Осы тұрғыда, үндінің дәстүрлі дүниетанымындағы «егер басыңа қиындық түсіп, қиналып жатсаң, оған ренжіме, керісінше қуану керек, өйткені алдағы өмірің жақсы болады» деген өсиеті еске түседі. Ақын ойынша, өмірдегі ауыртпалық пен қиындық арқылы адам өмірдің жақсылығы мен қуанышын танып, түсіну алады. «Өтірік айтпаған адам шындықтың не екенін білмейді» дегендей, зұлымдықсыз қайырымдылық, жамандықсыз жақсылық жоқ, дүниедегі барлық қарама-қарсылықтар бір-бірімен өзара диалектикалық бірлікте.

Базар ақынның жеке адамдарға арнап айтқан өлең-толғаулары көлем жағынан мол, көркемдігі күшті. Оған: «Қаражанға», «Көнек Жалғасбайдың ел жұртымен бақылдасуы», «Пішанның Төребайына көңіл айтуы», «Бақаға», және «Қалжан ақынға» сияқты толғаулары жатады. «Маутанға», «Назарға» деген сияқты арнау өлеңдерінде ел билеген бай, әкімдердің әділетсіздігін әшкерелеп, сараңдығын бетіне басады. Базар айшықты нақыл сөздерге толы өлең-толғауларынан басқа кең тынысты эпикалық жырлар да шығарған ақын. Жыраудың шығармашылығын айқындай түсетін негізгі дастандары «Әмина қыз», «Айна тарақ» және «Мақпал-сегіз». Өзінің «Сұм дүние» өлеңінде адам өмірінің қысқалығын, бұл өмірден кімде болса да өтетіндігі туралы терең ой-толғам жасайды [5, 35-36 б.]. Ақын ойы өмірдің өткіншілігі, алдамшылығы, бұл дүниедегі байлық пен дәулеттің де, батырлық пен биліктің де өлім алдында қауқарсыз екендігі туралы толғам. Өмірсіз адам жоқ, өлімсіз өмір жоқ. Бұл адам болмысының қатал заңдылығы. Адам болмысының мәні де осы өлім арқылы өмірдің мәнін түсіну. Бұл жерде қарама-қарсылықтардың бірлігі мен күресі туралы диалектикалық заңның адам өміріне де қатыстылығы көрінеді.

Жүсіп ақын поэзиясында адам өмірі аралығындағы адамның барлық

жас кезеңдеріне тән физиологиялық, әлеуметтік, тұрмыстық мәселелер бейнелене жырланады. Ақын өзінің кейіпкерлерінің өмір кезеңдерін көзіне елестете жырлайды. Қырық жастың қырқасына шыққан азаматтық жастық пен есейгендіктің қабаттасқан кезеңінде болатыны, жеңілдіктен арылып, әрбір істі жан-жақты кемелденген оймен кесіп-пішетіндігі жырланады:

...Қырық жаста қырым шаһар ақыл толар,

Елегзіп екі жаққа жақын қонар.

Бірде – үлкен, бірде – жастық қосын жегіп,

Шынында адал ерте абырой қонар.

Жеңіліс, бойдан қайрат қайтпас күштен,

Толығар ой өркендеп ақыл-естен.

Жақсылық, жамандықтың бәрін өлшеп,

Келтірер кемеліне тондай пішкен [6, 53 б.].

Өмір кезеңіне әрбір ақынның өзіндік бағасы бар. Қазақ дәстүрінде елу жасты жігіт ағасы болған байсалды, салмақты тұлғалық қалыпты елестете жырлайды. Қазақтың дүниетанымында адамның жас шамасы кезеңдерін бір және жүз жас аралығында алып қарау – тұрақты дәстүр. Ақындар адамның жарты ғасырлық өмір белесіне көтерілген кезеңнің егделікке бет алған бағдарын шынайылықпен суреттейді. Жүсіп ақын да осы өлеңінде сол дәстүрге сай өрнектейді. Адамның жасы ұлғайған кезеңдері – өзі өмір сүріп келе жатқан әлеуметтік ортадағы лайықты орнының белгіленуі. Байсалды, байыпты көңіл-күйі, кейінгі толқын жас буынның өзіне ілтипатпен қарауы, ізгі ойларымен маңайына және кейінгі ұрпақтарға өнеге жолын қалдыруы – әрбір ізгі ниетті адамның мұраты. Жүсіп ақын алпыс, жетпіс жас кезеңдері иелерінің адамның маңындағы кішілерге қандай әсер беретініне мән береді. Ақын қарттық кезеңдерін мұңлы-шерлі психологиялық сипатын жырлайды:

Елуден алпыс ары қатар дейді,

Жас бала, бозбала мен ботаңдейді.

*Қаймығып «қайнаға» депкеліндерің,
Көрсетіп баласына «атаң» дейді..
Екінші елуді аттап алтыс ассаң,
Алаңсың әр мінезді доғарамыз.
Жебелеп жексұрын жас-жетпіс келсе,
Сонымен мұнан әрі жоғаламыз.
Тағдырдың міне осылар қымбаттығы,
Сымпиған небір сұлу сымбаттығы,
Дариға, өткенше өмір отыр сөйтін.*

Тамаша түс көргендей қымбаттығы
[6, 53-54 б.].

Ақын жырының арқауы – адамдарды өмір сүргіштікке, құштарлыққа үндеу. Пәни дүниенің жалт етіп өте шығатын қас қағымдық кезеңін мағыналы да мәнді өткізу ұлағаты жас шамаға арналған өлеңдерде үнемі жыр желісінде болады. Аталған насихат өлеңдегі ақынның сергілісінен тыңдаушысына қарасты тебірене толғауы – адамдарды ұмтылысқа, рухани құлшынысқа шақырады [6, 52 б.].

Ақын – өзінің рухани болмысымен, ішкі жан дүниесімен үнемі сұхбаттаса жүретін психологиялық сыры күрделі тұлға. Жүсіп өмір мен өлім туралы ой-толғамдары насихат өлеңде де байқалады. Насихат жырының желісіндегі идеялық бағдар – адамның осы фәни жалған дүниені лайықты өткізуін уағыздайды. Ақын дарынсыз, талантсыз жандардың өнерге араласуы бәрібір ешқандай нәтиже бермейтінін тұжырымдайды. Жүсіптің нақыл өлеңдері де бар. «Ешнязұлы Жүсіптің термесі», «Кете Жүсіптің Тұрмағамбет пен Омарға жазғаны» атты өлеңдеріндегі ойлар жүйесі философиялық тереңдіктерімен баурады. Ақын адамзаттық ұрпақтар жалғастығы жүйесіндегі замандар бойы желісі үзілмеген мәселелерді жырлайды. Адамдардың қанағат атты көңілі байлығымен кемелденген болмысына баға беріледі. Тұрмағамбет пен Омарға жазған өлеңдерінде мағыналы өмір өсиеті, нақылы байқалады [6, 50 б.]. Адамның өмірі, оның мың бұралған иірімдері жұмбағы ашылмаған құпия. Өмірде әр адамның өзіндік құндылығы бар. Біреу өмірдің мәнін дәулетпен

байлықтан іздесе, біреулер ақыл мен терең ойдан іздейді. Ақынның ойы әр адам өз өмірінде нені өзінің өмірлік мұраты етіп алса да, барлық өмірдің шешімі, соңғы нүктесі бұл өлім, өмірлік құндылықтардың қайсысы болса да, олардың мәнін ашатын құбылыс бұл өлім. Сондықтан да, ақын ойы өмірде кім болса да қанағатпен, ынсаппен өмір сүр, тәубеңе түс, өмірдің өткіншілігін, ондағы қызықшылықтардың алдамшылығын ұмытпа деген қағидаға келеді:

*Дүниеге кімдер келіп, кім кетпеген,
Табиғат-түбі терең қол жетпеген.
Өнерін өмірінің біле тұрып,
Маңдайын пенде бар ма
терлетпеген?!*

*Баз біреу көп ақылға ие болып,
Жұмысын ешбір жанға жөндетпеген,
Баз біреу мал базарын мақсат етіп,
Ауруын ауамдықтың емдетпеген.
Ақылдың ауырлығы қорғасындай,
Көңілді бұзық іске өрлетпеген.
Тынық бол тыпыршымай, есің болса,
Қаңтардың шуағындай желдетпеген.
Ұлықпандай мың жыл өмір сүрсе дағы,
Ақыры өлім кімді еңіретпеген* [6, 22 б.].

Дегенмен, адам өмірге келгеннен кейін, өмірдің қызығын да ұмытпау қажет. Адам өмірі кезең-кезеңнен тұрғандықтан әр кезеңнің өз қызығы, міндеті, мұраты, байламы мен ұстанымы болады. Ақын ойынша, адам осы әрбір кезеңнің ерекшелігі мен бағдарын, құндылығын тани біліп, оларды өткізіп алмауы қажет, өйткені өмір адам үшін тек бірақ рет беріледі. Өмір уақыты қайтымсыз, тек алға бағытталған, өткен өмірді қайта айналдыру табиғат заңына қайшы, ол қайта келмейді. Ақын осы ой төңірегінде пайымдай отырып, жастарды жастық шақтың қызығын өткізіп алмауға, жастықты ойын-күлкімен өткізіндер деген өсиет айтады.

Шегебай ақынның пікірінше дүниеде барлығы өз ретімен, өз мерзімімен болады, мезгілсіз ешнәрсе жоқ. Барлық нәрсенің өлшемі - уақыт. Жалпы қазақ дүниетанымындағы уақыт ұғымы

нақтылығымен емес, абстрактілігімен ерекшеленеді. Ақын ойы да осы қазақы түсінікпен үйлеседі.

*Жарқылдап қарға шулап
шақырғанмен,*

Еш уақыт болған емес мезгілсіз жаз.

Қыс кетіп, жақындаған жаз нышаны,

*Үстіңнен өтсе бір күн, қиқулап қаз [7,
26 б.].*

Ақын пікірінше, дүниеде өзгермейтін, мәңгілік еш нәрсе жоқ, еш нәрсе бір орында тұрмайды, бұл дүниеге өзгермелілік, құбылмалылық тән. Оның бұл пікірі диалектикалық ойдың бастауы саналатын ежелгі грек ойшылы Гераклиттің ілімімен сарындас. Грек ойшылы «бір өзенге екі рет түсуге болмайды» деген қанатты сөзін қалдыра отырып, әлемдегі барлық заттар мен құбылыстардың әрдайым қозғалып, өзгеріп отыратындығы туралы ілімін қалдырған.

Тұрмайды бір қалыпта барлық жаһан,

Өзгермеу, өжет туған ерлерге серт.

Ащыны, тұщыменен татқан білер,

Кезінде, лайықты әр заман «керт».

Әртүрлі адамзат аз өмірде,

*Көрмей жүр, кімдер - рахат, кімдер –
бейнет.*

Опасыз өтер сөйтіп дүниеге талақ,

Шеккізіп ханға қайғы, бекке қасірет

[7, 30 б.]. Шегебай адам өмірінің санаулы, қысқалығын, өмір барда өлімнің де бар екенін тілге тиек ете отырып, тіршілікте адамдық болмысқа берілген міндеттерді, уақыт өткізіп алмай, орындап үлгеру қажеттігін айтады. Жалпы өлім мәселесі сүлейлер шығармаларында орталық мәселе ретінде қарастырылады. Мұнда өлімді қорқынышты құбылыс ретінде сипаттап, адамдарды оның алдындағы үрейге тәрбиелеу жоқ. Ақын ойларында өлім өмірдің өлшемі, критерийі, өлім туралы түсінігі арқылы адам өз өміріне есеп береді, өз өмірін тани алады, өмірдің мәні туралы өз пікірін қалыптастырып, өмірдің мәнін ұғына алады.

Ақын дүниетанымында адам өлімнің міндеттілігін, заңдылығын түйсіне отырып және оған дайындала отырып, өзінің

өмірлік қағидаларын қалыптастырады, өмірлік құндылықтарының мәнін таниды, өз қоршаған ортасының маңызын түсінеді. Өлім мен өмір ұғымдары бір-біріне сабақтас, мағыналық тұрғыдан қатысты ұғымдар. Қазақ дүниетанымында өлім ұғымымен бірге өмір ұғымы, оның мәнділігі мәселесі басты орын алады. Бұл мәселеде ақын өмірдің мәні адамдық қасиеттен айнымай, оның қызықшылығын көріп, отбасы құру, ұрпақ жалғастыру.

Ешанияз ақын өз жырларында өзінің эстетикалық көзқарасын да әдемі, шебер тілмен жеткізе білген. Өмірдің бір қызығы жар сүю дей отырып, әйел болмысының әсемдігі мен әдемілігін, сұлулығын шеберлікпен, керемет теңеулермен жеткізе алған. Мұның өзі ақынның өмірдің, дүниенің әсемдігі мен сұлулығын, асқақтығын терең тани алғанның білдіреді. Ақын пікірінше, өмірдің ең қызық, тәтті кезеңі адамның қайрат мен ерік-жігері, күшітасыған жастық, жігіттік шағы. Адам өмірінің өткіншілігі секілді, ақын жастық шақтың да бір орнында тұрмай, өтетіндігін айта отырып, өтіп кеткен жастықты айдынның аққуына теңейді, қимастықпен еске алады. Адам өмірінің әр кезеңінің өз қызығы, өз несібесі бар. Ақын өз сөзінде жастық шақтың қадірін біліп, армансыз өткізуге шақырады.

Үш басар басқан жерін көрмен деген,

Алладан жоқ үмітім өлмек деген.

*Дүниеден Намұрат пен Шаһдат та
өткен,*

Ешкімге қолдан тізгін бермен деген.

Баласы арғымақтың шын қазанат,

Қолтығы терлегенсін ербеңдеген.

Жігіттік әлі-ақ өтіп, етер пышман.

Айдынның аққуындай көлбеңдеген [8, 34 б.]. Адам өмірі жыл мезгілі секілді кезең-кезеңнен тұратыны белгілі. Ойшылдар көбіне балалық шақты көктемге, жастық шақты жазға, ересек кезді күзге, кәрілікті қысқа теңеп жатады. Әрине адам өмірінің әр кезеңінің өз ерекшелігі бар. Балалық шақ ең тәтті, жастық шақ ең қызықты, ересек кез

ақыл тоқтатып, өмірлік құндылықтарға ұмтылар кез болса, кәрілік ақыл-ойдың толысып, өмірден алары таусылып, тек беруді ойлайтын кезең. Жастық шақтың мақсаты алу болса, кәріліктің мұраты - бұл беру, яғни өмір бойы жинаған ой-дүниенді, білімінді, тәжірибенді кейінгі ұрпаққа қалдыруға тырысу. Ешнияз ақын осы адам өмірінің жастық және кәрілік шақтарының ерекшеліктеріне көз жүгірте отырып, жастық шақты ыстық көңілмен еске алады, ал кәрілікте адамның көп қызықшылықтан бойын тартып, салмақтылық тартатынын айтады [8, 14 б.]. Ақын өлеңдерінде қарттық, кәрілік адамның өзі қаламайтын, бірақ қанша қаламаса да қаумалап келетін шақ екенін айтады. Кәрілік соңы бір ғана жол, ол-өлім. Қарттық өлімнің болмысын толық түсініп, іштей өлімге дайындалатын кезең. Өлімнен қорықсаң қартаюға қақың жоқ. Онда өмірден жастай кет. Қапыда, соғыста. Сондықтан да, ақын кәріліктің ғанибеті ұл мен қызын өсіріп, ұрпағын жайып, сол ұрпақтарына көлеңке болу дей отырып, қарттарды қадірлеуге, сыйлауға, оларға қамқор болуға үндейді. Өйткені, адам өз өмірінде кім болмасын, не жасамасын, өмірдің соңғы кезеңі кәрілік. Қарттық кезең адамның өз өміріне есеп беретін, жеткен биігі мен жетістігін, жақсылығы мен жаманшылығын ой таразысына салатын, өмірінің соңына дайындалатын шағы. Сондықтан, ақын жырларында кәрілік мақсаты санаулы өмір бітіп, о дүниеге бет алғанда артында, ағайыны мен ұрпағы алдында жаманат қалдырмай кету. Оның ойынша, өлім адамның бүкіл өмірінің, адамның бүкіл қадір-қасиетінің, өмірде жасаған бүкіл жақсылығы мен жамандығының таразысы, өлшемі, айқындаушысы, өлім арқылы адамның бүкіл болмысының мәні ашылады [8, 16 б.].

Сонымен, Ешнияз ақын дүниетанымы, оның көрінісі болып табылатын толғаулары мен жырлары өмір мен өлім болмысын, өмірдің әр кезеңдерін, жастық пен кәріліктің диалектикалық бірлігін тануға арналған. Сондықтан, ақын

жырлары жастар үшін, жалпы адамзат үшін танымдық мазмұны, адамгершілік мәні өте зор дүние деп санауға болады.

Қорытынды

Өмір мен өлім мәселесі адамзат тарихында әрдайым толғандырған басты тақырып болды. Ойшылдар өмір ұғымының мәнімен бірге өлім құпиясын да ашуға тырысты. Бұл мәселелер батыс философиясында негізінен XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезінде, әсіресе, өмір философиясы мен экзистенциализм бағыттарында ең өзекті мәселелер ретінде қарастырылды. Дегенмен, бұл философиялық бағыттардың өкілдері өмірді адам болмысының тәсілі ретінде, ал өлім ұғымын адамның шынай бейнесін ашу құралы мен тәсілі ретінде қарастырса, Сыр ақындары өмір мен өлім арасындағы байланысты диалектикалық қарама-қарсылықтар сипатында емес, ұғымдық және мәндік тұрғыда бірін-бірі толықтыратын үйлесімділік тұрғысынан түсінуге тырысады. Сондықтан, Сыр ақындарының бұл мәселе жайындағы ойлары адамға өмір мен өлім құндылықтары туралы жаңаша көзқарас жасауына ықпал етеді ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Құнанбаев Абай. Өлеңдер мен поэмалар, қара сөздер. – Алматы, Өлке, 2012. – 505 б.
- 2 Құдайбердиев Ш. Шығармалары. – Алматы, Жазушы, 1998. – 560 б.
- 3 Ізтілеуұлы Т. Шығармалары. I том. – Алматы, Жазушы, 2007. – 305 б.
- 4 Ницше Ф. Так говорил Заратустра. – Аст, 2022. – 416 с.
- 5 Алдашев Ш. Базар жырау. – Алматы, 1986. – 102 б.
- 6 Кете Жүсіп (өлең-толғаулар, дастандар мен айтыстар). – Алматы, Арыс баспасы, 2003. – 215 б.
- 7 Шеребай мен Әлібек ақындар. – Алматы, Арыс баспасы, 2007. – 89 б.
- 8 Егізбай Н. Сыр сүлейлері. – Қызылорда, 2001. – 95 б.

Transliteration

1 Kunanbayev Abai. Olender men poemalar, kara sozder [Poems and poems, The Book of Words]. – Almaty, Ulke, 2012. – 505 p. (In Kaz)
2 Kudaiberdiev Sh. Shygarmalary [Works]. – Almaty, Writer, 1998. – 560 p. (In Kaz)
3 Iztileuly T. Shygarmalary [Works]. I tom. – Almaty, Jazyshy, 2007. – 305 p. (In Kaz)
4 Nietzsche F. Tak govoril Zaratustra [Thus

spoke Zarathustra]. – Ast, 2022. – 416 p. (in Russ)
5 Aldashev Sh. Bazar zhyrau [Bazar zhyrau]. – Almaty, 1986. – 102 p. (In Kaz)
6 Kete Jusip. Olen-tolgaular, dastandar men aitystar [Hoems, epics and aitys]. – Almaty, Arys, 2003. – 215 p. (In Kaz)
7 Shegebai men Alibekaqyndar. – Almaty, Arys, 2007. – 89 p. (In Kaz)
8 Egizbai N. Syr suleileri [Syr suleileri]. – Qyzylorda, 2001. – 95 p. (In Kaz)

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТТАР

<i>Баймырза Қожамберлиев</i>	профессор, философия ғылымдарының докторы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан
<i>Болат Мейрамұлы Апенев</i>	аға оқытушы, философия ғылымдарының кандидаты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан
<i>Баймырза Қожамберлиев</i>	профессор, доктор философских наук, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан
<i>Болат Мейрамович Апенев</i>	старший преподаватель, кандидат философских наук, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан
<i>Baimyrza Kozhamberliev</i>	Professor, Doctor of Philosophical Sciences, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan
<i>Bolat Apenov</i>	Senior Lecturer, Candidate of Philosophical Sciences, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan

